

THE SOCIAL PEDAGOGY

ӘЛЕУМЕТТІК ПЕДАГОГ

Damezhanjan ADILHAN

Lecturer, Kazakh State Women's Teacher Training University

Әлеуметтік педагог – мектеп оқушыларының өзіндік және әлеуметтік дауына жағдай жасайтын, мұғалімдер және ата-аналардың адамгершілік бағытында қызметін ұйымдастыратын мектеп қызметкері.

Әлеуметтік педагогтің негізгі қызметі балалардың әлеуметтік құқығын қорғау, баланың дамуына қолайлы жағдай жасау, жанұя мен мектеп арасында өзара қарым—қатынасын ұйымдасуыру. Әлеуметтік педагогтың міндетін жоғарғы педагогикалық білімді, әлеуметтік педагог куәлігі бар мектептегі қызметкер орындайды. Әлеуметтік педагог мектеп әкімшілігі, мұғалімдер, педагог-психолог, валеолог, педагог-ұйымдастырушы, тәрбиешілер, оқушылар және олардың ата-аналары (немесе ата-ана ролін басушылар) мен өзара байланыс жасайды. Өзінің кәсіби мақсатында 16 жасқа дейінгі балаларға құқық қорғаушы органдардың өкілдері, қоғамдық ұйымдар, барлық мекемелермен байланыс орнатады. Білім беру мекемелерінде педагогикалық кеңестің жұмыстарына қатысады, жергілікті мемлекеттік басқару органдары, жанұя және балаларды әлеуметтік қорғау мекемелерімен байланыс орнатады. Әлеуметтік педагогті жұмысқа қабылдау және жұмыстан босату «ҚР Еңбек туралы» заңына сәйкес орындалады. Әлеуметтік педагогтің басқару қызметі білім беру мекемелерінің басшысы ретінде айқындалады.

Әлеуметтік педагогтің ұйымдастырушылық қызметі.

Әлеуметтік педагог педагогикалық ұжымның тең құқықты мүшесі. Әлеуметтік педагог педагогикалық кеңеске және әдістемелік бірлестіктің жұмыстарына қатынасады. Әлеуметтік педагогтың жеке кабинеті болады, іс-қағаздары, құрал-жабдықтар және көлік шығынымен қамтамасыз етіледі. Әлеуметтік педагогтың жұмыс уақыты жинақы, тиімді пайдалануға бейімделуі тиіс. Әлеуметтік педагогтің жұмыс уақытын білім беру мекемесінің директоры бекітеді. Жұмыс мерзіміне мектептен тыс уақыттағы жұмысы есепке алынады. Әлеуметтік педагог еңбек ақысы, еңбек демалысы, әлеуметтік қорғау білім беру мекемесі заңына сәйкес шешіледі.

Әлеуметтік педагогтің міндеті және құқығы

Әлеуметтік педагог өзінің кәсіби қызметінде міндетті:

- ✓ ҚР «Білім туралы» Заңы, «Бала құқығының Конвенциясы», нормативтік құжаттар, білім беру мекемесінің ішкі тәртібіне сәйкес басшылық жасайды;
- ✓ Мектеп жасындағы балаларға және мектеп оқушыларына есеп жүргізеді;
- ✓ мектеп әкімшілігімен бірге балалар, жасөспірімдер және ересек балалардың саны бойынша әлеуметтік қағаз жұмысын қалыптастыру, мақсатқа байланысты жұмыс мазмұнының мақсатты бағытын анықтау;
- ✓ өз біліктілігі шегінде сұрақтарды қарайды және шешім қабылдайды;
- ✓ өз біліктілігін әрқашан көтереді;

- ✓ жаңа құқықтық ақпараттарды білуге, мектеп, жанұя, бала және жасөспірім құқығын жанұяда қорғау, атқарушы билік және заң органдары алдында мектеп оқушыларын қорғауға;
- ✓ орындалатын жұмыстың жоспарына сәйкес өз мерзімінде орындау;
- ✓ өз жұмысының нәтижесін әкімшілік ретінде мектептің педагогикалық кеңесінде мәлімдеме беру;

Әлеуметтік педагог құқықты;

- ✓ мектеп директорынан өз кәсіби қызметінде нәтижелі орындауға, жетістікке жету үшін жағдай жасатуға;
- ✓ білім беру мекемесінің құжаттарындағы мектеп оқушыларыны қатысты бөлімін пайдалануға;
- ✓ мектеп Ережесін жасауға қатысуға;
- ✓ балалар және жасөспірімдерді зерттеуге байланысты ақпараттар жинауға;
- ✓ бала өміріне, жағдайына байланысты диагностикалық зерттеу, әлеуметтік сауалнамалар жүргізуге;
- ✓ кәмелетке толмағандардың жеке мәселелерін шешуге, қоғамдық және мемлекеттік ұйымдармен жеке жауап алуға;

Әлеуметтік педагогтің кәсіби сапасы;

Әлеуметтік педагог кәсіби жұмысты жеке мінезіне, адамдардың сенімі арасындағы өзара түсінушілік, өзара көмек, өзара жауапкершілікгі.

Әлеуметтік педагогтің төмендегі мінезі болуы қажет:

-қарапайымдылық- айналасындағыларға байланысты өзін-өзімдік қабілеті;

мейірімділік-мейірімді, айналадағы ортаны баурап алатын, адамға қажет уақытында жәрдем береті;

ашық мінез-өз ойын ашық айту;

нақтылық-қойылған сұраққа нақты жауап беру;

кішіпейіл-жұмсақ, қарапайым, жауапты;

Әлеуметтік педагогтің қызметі

Әлеуметтік педагог мектепте мұғалімдер, оқушылар, ата-аналармен өте кең ауқымды жұмыстар атқарады.

1. Аналитик-диагностикалық

- ✓ «әлеуметтік диагноз» қою, балалар, жанұя, айналадағы ортаның жеке ерекшеліктеріне және әлеуметтік-жағдайын зерттеу;
- ✓ балаларға, жасөспірімдерге оң және теріс әсерін, әртүрлі мәселелерді анықтау;
- ✓ бала және жасөспірімнің мінез-құлқының кері әсерінің себебін анықтау, сәтсіз жанұяның әлеуметтік себебін анықтау;
- ✓ дарынды балаларға, интеллектуальды және көңі-күйі дамуы баяу балаларға жәрдем беруді анықтау;

2 . Болжамдылық:

- ✓ жеке тұлғаның дамуы және тәрбие үрдісінде әлеуметтік педагогтік оқиғаларды талдау негізінде болжау және бағдарлау;

- ✓ өзінің әлеуметтік-педагогтік жұмысы негізінде алдын-ала мерзімдегі жұмыс нәтижесін жоспарлау;

3. Ұйымдастырушылық:

- ✓ мектеп оқушыларын әлеуметтік тәрбиелеу үрдісінде мектеп қызметкерлері, қоғамдық ұйымдар, пайдалы еңбек, демалыс ұйымдастыру қабілеті;
- ✓ жеке және іскерлік байланыс орнату;
- ✓ оқушыларға оң және теріс әсер ететін ақпараттар жинау;
- ✓ балалар мен жасөспірімдермен өзара қарым-қатынас жеке, ересектермен қарм-қатынаста демократиялық жүйе қалыптастыру;

4. Түзету:

- ✓ балалар және жасөспірімдердің жанұя, әлеуметтік арасынан тәрбиесіне әсерін түзету;
- ✓ әлеуметтік ортаға оң әсерін күшейту, теріс әсерін тоқтату;

5. Әлеуметтік шаралар және ақтау;

- ✓ девидант және қылмыскер мінез-құлықты балалар мен жасөспірімдерге алдын- алу шараларын ұйымдастыру;
- ✓ адамгершілік-құқықтық тұрақтылығын қалыптастыруға әсер ету; «тәуекел» тобы балаларға және сәтсіз жанұяларға өз уақытында әлеуметтік- құқықтық көмек көрсету, алдын-алу шараларын ұйымдастыру;

6. Ұйымдастырушылық-бағыттаушылық;

- ✓ педагогика-психологиялық қажеттіліктерді есеппен оқушыларды әртүрлі пайдалы еңбекке кіргізу;
- ✓ қызықты кештер, қоғамдық пайдалы еңбекті парасатты ұйымдастыру; жасөспірімдер және балаларға әлеуметтік маңызды қызметтер ұйымдастыру;

7. Оқушыларға әлеуметтік-педагогикалық көмек көрсету;

- ✓ баланың өзінің даму, өзінің-өзі тану, өзін-өзі бағалау, өзіндік ұйымдастыру, өзін-өзі ақтауға жоғарғы білікті әлеуметтік көмек көрсету;

8. Қорғау:

- ✓ жеке тұлға құқығын қорғау нормативтік құжаттық талапқа сәйкес пайдаланады;
- ✓ әлеуметтік педагогқа тура және жанама қасақана әрекет жасаған тұлға мемлекеттік қажеттілік бойынша заң алдында жауапқа тартылады;
- ✓ әлеуметтік қорғау органдарымен өзара қарым-қатынаста

9. Психотерапиялық;

- ✓ жан ауытқудағы баланы қамқорлыққа алу;
- ✓ балалар, жасөспірімдер, ересектермен сенімді қарым-қатынас орнату;
- ✓ өзара жанжалдасу, күйзеліс жағдайды шешуде көмек көрсету;
- ✓ баланың, жасөспірім, ересектердің өмірге, қоршаған ортаға, өзіне-өзі өзгеріс әрекетіне жәрдем беру;
- ✓ балалар, ересектерге «жетістік оқиғаларын» үйрету;

10. Делдалдық;

- ✓ баламен жанұя, мектеп, қоршаған орта арасындағы байланысты жүзеге асыру;

11. Өзіндік білімін көтеру;

- ✓ әлеуметтік педагог өз біліктілігін барлық уақытта көтеру қажет;
- ✓ Әлеуметтік қызметінің мақсаты;
- ✓ жеке тұлғаның дамуына (физиологиялық, әлеуметтік, рухани-адамгершілік, интеллектуалдық) қолайлы жағдай жасау;
- ✓ баланың өзіндік дамуы және өзін-өзі ақтау, татулық түйсігі және оған бейімделу үрдісінде кешенді көмек көрсету;
- ✓ өмір кеңістігінде баланы қорғау;

Әкімшілікпен келісім жасау арқылы мектеп аумағындағы мәселелерді шешуде әлеуметтік педагог өзінің қызметтік бағыттарын қажетті бағыттарға бөліп толықтыруы мүмкін.

Қызмет бағыттары:

1. Барлық жастағы балалардың жеке әлеуметтік мәселелерін анықтау мақсатында әлеуметтік педагогикалық зерттеу;

- ✓ сыныптың, ықшамаудан, мектептің құжатын жүргізу;
- ✓ оқушылардың жанұядағы тұрмыстық-мәдени қарым-қатынасы, талдау, зерттеу;
- ✓ мектептің жеке тұлғаға әсер ететін моралдық-психологиялық кеңістігін анықтау, талдау және зерттеу;
- ✓ мектеп ықшамауданындағы оқушыларға әсер ететін әлеуметтік-мәдени ортаны анықтау үшін тәрбиелілік мәні және ұйымдастырушылық әрекеті;
- ✓ оқушылардың жанұялық жеке мәселелерінің пайда болуын анықтау мақсатында әлеуметтік педагогикалық диагностика;

2. Әлеуметтік педагогтің бала құқығын қорғау;

- ✓ әлеуметтік қорғауды қажетсінетін оқушыларға көмек көрсету (мүгедек балалар, дарынды балалар), қамқорлық жасау, қамқоршы болу;
- ✓ әртүрлі сатыдағы (педкеңес, қылмыскерлер мен құқық бұзушылықтардың алдын-алу кеңесі, кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі комиссия, сот, прокуратура т.б) өмірлік қиын жағдайға түскен, ерекше көңіл бөлуді қажет ететін оқушылардың құқығын қорғау;

3. Оқушылардың жеке тұлғасын қалыптастыруда жанұяға әлеуметтік педагогикалық көмек қамтамасыз ету:

- ✓ сәтсіз жанұяны ерте анықтау;
- ✓ сәтсіз, толық емес жанұя, психологиялық тұрғыдан даму ерекшелігі бар жанұялар, қамқорлықтағы жанұялар, бала асырап алған жанұялар туралы нақты мәліметтер жинақтау;
- ✓ жанұяда өзара тіл табысу, татулық, түсіністік жағдай қалыптастыру бағытындағы психолог-педагогикалық ағарту;
- ✓ рухани-құндылық ағарту;
- ✓ оқу-тәрбие үрдісінде ата-аналарды қатыстыруға көмек көрсету;

- ✓ әлеуметтік –педагогикалық мәселелерге байланысты оқушылар, ата-аналар, мұғалімдермен кездесу, семинар-кеңес, дөңгелек үстел ұйымдастыру;

4. Әлеуметтік-педагогикалық кеңес:

- ✓ өмірдегі қиын жағдайларға түскен оқушыларға жеке кеңес өткізу және ұйымдастыру;
- ✓ оқушыларға арнайы кеңес беру;
- ✓ ата-аналар, мұғалімдер, әкімшілік, сынып жетекшілерге әлеуметтік-педагогикалық мәселелерді шешу бағытында кеңес беру;

5. Әлеуметтік-педагогикалық іс-шаралар, түзету және ақтау:

- ✓ оқушылардағы артта қалушылық мінез-құлқын (көңіл-күйін) ерте анықтау және алдын-алу дәлелдемелер;
- ✓ балалар және жасөспірімдер арасында «тәуекел тобы», «мектепшілік есепте», «инспектор есебінде» тұрған, кәмелетке толмаған балалармен іс-шара, түзету жұмыстарын жүргізу;
- ✓ «тәуекел тобы» оқушыларының алдын алу, іс-шаралар ұйымдастыру;
- ✓ салауатты өмір салтын насихаттау;
- ✓ әртүрлі қиын жағдайға түскен балаларға (ауру, мүгедек, күйзеліс) бас бостандығынан айырылған орындардан келген жасөспірімдерге ақтау ұйымдастыру;

6. Баланың жеке дамуына педагогикалық бағдарлауға көмек көрсету:

- ✓ мұғалімдер, ата-аналар және оқушылар арасындағы өзара түсіушілік, өзара қарым-қатынасты дамыту;

7. Балалар мен жасөспірімдерге әлеуметтік бағытта қызмет көрсету:

- ✓ ауру, мүгедек, кедейлерге қамқорлық жасау;
- ✓ кәрі адамдарға, құрбы-құрдастар үшін қайырымдылық іс-шара ұйымдастыру;
- ✓ әлеуметтік қорғау қызметіндегі жұмыс;
- ✓ мәдени ескерткіштерді, табиғатты қорғау;
- ✓ балалармен шығармашылық оқу және ойын ұйымдастыру;
- ✓ кәсіби бағытта іс-шаралар ұйымдастыру;

8. Әлеуметтік-ұйымдастырушылық қызмет:

- ✓ әлеуметтік-педагогикалық қызмет, іс-тәжірибесін тарату және талдау;
- ✓ әдістемелік семинар, секция, жанұядағы әлеуметтік-педагогикалық мәселелерге байланысты әртүрлі деңгейдегі іс-шараларға қатысу;
- ✓ әлеуметтік-педагогикалық арнайы әдебиеттер, ғылымдағы жетістіктер, зерттеулер қорытындысын жинақтау;

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Советова Е.В. «Административная работа в школе», Ростов-на-Дону, 2006ж
2. Галкина Т.И. «Справочник современного заместителя директора школы по воспитательной работе», Москва, 2008 ж